

Кімге: Ұлытау облысы әкімдігіне

Автор: Қапбарова Диана Ғабитқызы «Ұлытау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бас маманы

Күні: 20.06.2025ж.

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: «Ұлытау облысының туристік әлеуеттің жағдайы мен даму болашағы»

Мақсаты: Қазақстанның орталық аймағындағы туристік әлеуеттің даму болашағын зерттей келе Ұлытау өңірінің туристік әлеуетін дамыту.

Кіріспе

Қазіргі таңда туризм саласы экономикада қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып саналады. Туризм адамдарды жұмыспен қамтамасыз ете отырып, экономикаға оң әсерін тигізіп отыр. Қазақстанда соңғы жылдары ішкі туризм өсімі біршама артып келеді. Еліміз көз тоймас әдемі табиғаты мен ерекше тарихи мұраларға бай. Бұл туризмнің қай бағытын болмасын дамыта алуға деген себеп. Тек ол үшін біршама уақыт пен тәжірбие, ақпарат пен жарнама қажет.

Туристік әлеует туризмді дамытуда жасырын мүмкіндіктер барысында туристік индустрияны дамыту және сол аймақтың туристік тартымдылық деңгейін арттыру болып табылады.

Ұлытау облысының туристік әлеуеттің жағдайы бүгінгі таңда қолға алынып даму болашағы көзделуде. Аймақтағы туристік әлеует табиғи, тарихи – мәдени нысандарға бай. Сондай - ақ эко, этно туризмдерді дамытуда мүмкіндіктерге ие туристік аймақ болып саналады. Туристік әлеуетті дамыту барысында шетел тәжірбиелері қарастырылады.

Аймақты дамыту барысында мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде. Ұлытау өңірі үлкен тарихи – мәдени әлеуетке ие. Ұлытаудай ұлтқа ұя, ошақ болған киелі мекеннің туристік жағдайы қолға алынып, бағдарламалар мен іс – шаралар қолға алынды. Еліміздің президенті Қасым Жомарт Тоқаев Ұлытауға жасаған сапарында Ұлытау еліміздің туризм орталығы болуы қажеттігін және ол үшін мемлекет тарапынан барынша жұмыс атқарылу қажет екендігін айтқан болатын.

Осыған орай, Ұлытау облысының қазіргі туристік әлеуетінің жағдайы мен даму болашағын зерттей келе, аймақтың еліміздің басты орталықтарының бірі бола алатынын түсіндіру өзекті мәселе болып отыр.

I Ұлытау облысының бүгінгі туристік әлеуеті

Қазіргі таңда еліміздің ірі туристік орталығына айналу ықтималдылығы зор және туристік тиімділігі жоғары Қазақстандағы аймақтардың бірі – Ұлытау облысы. Аймақтың туристік әлеуеті өте жоғары. Ұлытау өңірінің табиғи-туристік ресурстары аймақта экологиялық, этникалық, тарихи-мәдени,

ғылыми- археологиялық жәнеде экстрималды туризм түрлерін дамытуға қолайлы жағдайлар жасайды. Бұл туристік ресурстарды дұрыс әрі оңтайлы пайдалана отырып, жоғарғы экономикалық дәрежеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ұлытау аймағында ресурстардың біразы шоғырланған. Айта кетсек санаторлық-курорттық туризм үшін алуан түрлі емдік балшықтар мен минералды сулар, емдік әсерін беретін климат және өзіндік микроклиматы бар үңгірлер аймақтан табылады. Спорттық туризмге де Ұлытау аймағы қолайлы болып табылады. Таулар мен асулар, қыраттар мен халықтың аз орналасуы аймақта әртүрлі категориядағы спорттық ойындар ұйымдастыруға мүмкіншілік тудырады. Ұлытау өңірінің басты мақсаты тарихи- танымдық туризмді дамыту.

Жыл басынан туризм саласында инвестиция көлемі 333,4 млн теңгені құрады (2024 ж. сәйкес кезеңі 135,6 млн тг, өсу 145,7%. Жалпы республика деңгейінде төмендеу байқалуда, төмендеу 0,3%. 2024 ж – 216,2 млрд тг., 2025 ж. – 215,6 млрд тг).

2024 жылдың қорытындысы бойынша орналастыру орындарында қызмет көрсетілген туристер саны 31 мыңнан астам адамды құрады, оның ішінде шетелдік туристер 1044 адам.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Ұлытау аудандық полиция бөлімінде туристік полиция қызметі жұмыс атқарып жатыр (2022 ж.). Туристік полиция қызметінде 5 штаттық бірлікпен

1 экипаж қызмет атқарады.

Туристік полицияның басты міндеті - келген туристер мен қонақтарға қызықтырған сұрақтар бойынша кеңестер, ақпараттар беру. Сондай-ақ, шетелдіктерді және инвесторларды тарту үшін, шетел азаматтарының елімізге келген кездегі қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету үшін қызмет атқарады.

Тарихи нысандары көп Ұлытау ауданында тарихи орындар бойынша жеңіл инфрақұрылым және далалық навигация орнату бойынша жұмыстар жүргізілді (Жезқазған-Арқалық тас жолы бойындағы тарихи орындарға апаратын жол бұрылыстарына 24 дана көрсеткіш орнатылған).

Анықтама: 2024 жылы орналастыру орындары көрсеткен қызметтер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26%-ға өсумен 700 млн теңгеден асты (2023 ж. – 554,2 млн тг). Бөлмелер саны 32 бірлікке өсіп, жалпы 308 нөмірді құрады (2023 ж. 276 бірлік). Бір реттік төсек-орын сыйымдылығы 51 бірлікке ұлғайып, 540 орынға жетті (2023 ж. 489 төсек орын) [1].

2024 жылы жалпы құны 1 млрд теңгені құрайтын 3 қонақ үй кешені іске қосылды (Жезқазған қ., Хан Ордасы қонақ үйі, 600 млн тг; Жаңаарқа ауд., Жібек жолы қонақ үйі, 250 млн тг, Индира қонақ үйі, 150 млн тг. Жалпы сыйымдылығы 70 орын).

Ағымдағы жылы жалпы құны 1,9 млрд теңгені құрайтын тағы 3 қонақ үйді

пайдалануға беру жоспарлануда (Жезқазған қ. 2 жоба: ЖК «Ермак», «Вояж» қонақ үйі, құны 1 млрд тг., Алашахан даңғ.; «Самға» ЖШС, «АйКүн» қонақ үйі, құны 700 млн тг., Ғарышкерлер бульвары, Жаңаарқа ауд. - 200 млн тг. Жалпы сыйымдылығы 80 орын).

Демеушілік қаражаты есебінен 2025 жылы Ұлытау ауданында Тасбұлақ бұлағын абаттандыру жұмыстары басталды.

II. Ұлытау аймағындағы туристік әлеуетті дамытудағы басты мәселелер

Ұлытау ауданы мыңдаған көне тарихы бар қасиетті мекен. Әлемге танымал

ұлы тұлғалар мекен құрған жер. Ұлытауды білмеген адам болса картаны төрт

бүктеп қайта ашса, сол картанын қақ ортасы Ұлытау екенің көз жеткізе алады. Жердің хақ кіндігінде орналасқан Ұлытау жерінің аумағының үлкендігі сонша, Еуропа елі сыйып кетеді екен. Ұлытаудай табиғаты көркем, ауқаты мол, тарихқа тұңған мекенге келу еліміздің әрбір тұрғынының міндеті деп білемін.

Ұлытаудың туризм саласындағы басты проблемалар жеткізі тізбегінің және логистикалық объектілердің болмауы, инфрақұрылымның дамымауы және туристерге көрсетудің төмен деңгейі сияқты түрлі факторларға байланысты. Сонымен қатар үнемді туристер үшін елеулі проблемалардың бірі аймаққа келу жоспарланған кездегі жоғары бағалардың болуы себебін тигізеді.

Ұлытау аймағы туризм бағытында қызмет етудің ең бастапқы кезеңінде келеді. Аймақтағы туризмді дамытудағы негізге назар мен күш барынша жұмыс жасауда, алайда Ұлытау туристерді қарсалуға әлі дайын емес. Оған себеп бірнеше жағдайларды айта кетсек:

Бірінші жол инфрақұрылымының әлсіздігі болып отыр. Жезқазған қаласынан Ұлытауға дейін жол болғанымен, арнайы туристер тамашалайтын нысандарға дейінгі жолдың өте нашар күйде болуы болып отыр. Турист үшін ең бастысы қолайлылық болып саналады, ал ол осындай кішігірім жағдайлардан тұрады. Туристі тасымалдау барысында барынша жайлылық сыйлау қажет. Ұлытаудың өзінде әуежай болмауына байланысты Жезқазған қаласына дейінгі әуе тасымал билетінің құны жоғары бұл халықаралық туристік нарықтағы бәсекелестігін төмендетеді. Біріншіден қызмет көрсету қызметінің төмендігі. Аймақта туризм саласында білім алған мамандар аз. Үш тілде жұмыс атқаратын гид- аудармашылар, экскурсовод мамандары сұранысқа ие.

Екіншіден қоғамдық орындардың жетіспеушілігі. Аймақта кішігірім тамақтандыру мен орналастыру орындары болғанымен дәрежесі турист талабына сай келмейді. Ұлытауға келген әр жолаушы, турист үшін бұл басты проблемаға айналары хақ.

Үшіншіден Ұлытау жайлы ақпараттардың арнайы сайттарда көрсетілмеуі тіпті мүлдем жоқ деуге болады. Туризм саласына енді аяқ басқан аймақтың болашақта еліміздің және шетелдік сайттарда шығуына және мәлімет көзінің жеткілікті боларына сенімім мол.

Төртіншіден жарнаманың болмауы. Жарнаманың әртүрлілігін пайдалана Ұлытау өңірін әлемге жарнамаласақ қызығушылық танытпайтын адам болмас еді. Жарнаманың жоқтығы аймақты алға жылжуына деген кері әсерін тигізуі де мүмкін.

Ұлытау аймағының туризмде даму болашағы өте зор. Аймағымызды халықаралық деңгейдегі этнографиялық туристік орталыққа айналдыру көзделуде. Бұл жайлы басшымыз Қасым Жомарт Тоқаев өз сөздерінде Ұлытаудай киелі аймақты еліміздің бастапқы туристік орталығы болуы қажет деп айтқан болатын.

Аймақты этно орталыққа айналдыру еліміздің түп тарихын жоғалтып алмауға деген басты бір амалы болып табылады. Қазіргі таңда этномәдениетке деген қызығушылық артуда. Оған дәлел ретінде қазақи нақышта өндіріліп жатырған өнімдердің оюмен өрнектелуі, күнделікті өмірде киімдермен үйлесіп киілуін айтуға болады. Ұлытауды этно ошаққа айналдырып, қазақи брендтерді өндіріп, келген туристерге ұсынсақ бірталай экономикалық жағынан қаржы құйып қана қоймай, жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етер едік. Этнотуризм бағытының дамытуына деген тағы бір себеп еліміз жайлы теріс ұғымда жүрген елдерге белгі ретінде қазақ елінің түпкі тарихын таныта аламыз.

III. Шетелдік тәжірбие.

Аймақтық туризмнің дамуы қарқындығы дамыған Комбоджо мемлекетіне тиесілі Ангкор қаласы. Ангкор қаласы ортағасырлық әлемдегі ең үлкен қала болған. Көлемі бойынша оны қазіргі Манхэттанмен салыстыруға болады. Қала халқы жарты миллион адамды құраған. Ғибадатханаларда монахтар мен қызметшілер өмір сүрген. Ангкордың алғашқы тұрғындары б.з.б бірінші ғасырдан бастап индуизмді мойындаған кхмер тайпалары болған.

Қала өте ескі археологиялық қалдықтары сақталған ескерткіштерімен ерекшеленеді. Аудандағы ең туристік алаң болып Ангкор Ват ғимараты болып саналады. Ғимарт адам қолымен салынған діни кешен болған. Ангкор Ват кез- келген мұсылман мешіттерінен, еуропалық собордан, пирамидадан әлдеқайда үлкен. Ғимарат қазіргі таңда әлемнің ғажайыптарының бірі болып отыр. 1992 жылдан бері ЮНЕСКО қамқорлығына өткен. Ғимарат ішінде 200ден астам кіші ғибадатханалар бар және олардың көбісі әлі зеріттеу сатысында.

Ангкор қаласындағы ежелгі бұл ғимараттарды кейіннен 100 жыл бұрын ғана біле бастаған. Француздық саяхатшы Шарль Биво көбелек қуалай жүре

орманда адасып, жолы осы көне ғимараттарға әкелген делінеді [2] (сурет 1). Мыңдаған жылдық тарихы бар бұл ғимаратты тамашалау үшін келетін туристер легі артуда. Жыл сайынғы санақ бойынша Ангкор Ватқа келуші туристер саны 2 млн адамды құрайды. Ежелгі тарихы бар бұл қалаға деген қызығушылық жылдан-жылға артып, туристердің саяхат жасап, кешенмен танысуына деген назар өте көп.



Сурет 1. Ангкор Ват ғибадатханасы

Ангкор ежелгі қала болғанымен әлі күнге дейін өз ерекшелігін жоғалтпаған. Бұл ауданға назарымның түсуі аналитикалық жұмыс барысында зеріттеу аймағыммен тікелей байланысты байқадым. Ангкор Ват ғибадат орны мен Ұлытау ауданындағы Әулиетау шыңы ғибадат етіп, дұға, тілек ететін мекен болып табылады. Әулиетауда ежелден бері көшпенділердің киелі нысандары мен көптеген көне қорым орындалы сақталған. Аңыз бойынша Әулиетау шыңы аспанға тіреледі. Шың киелі, құдай мен аруақтардың мекені саналады. Ертеден ата- бабаларымыз Әулиетаудын шыңына шығып тағзым жасап, сыйынған және бұл рәсім әлі күнге дейін сақталып келеді [3].

IV. Қорытынды.

Бүгінгі таңда туризм экономикада қарқынды дамып келе жатырған салалардың бірі болып табылады. Туризм мемлекет экономикасының біршама артуына септігін тигізіп отыр.

Қазіргі таңда мемлекет ішкі туризм түріне, оның ішінде тарихи – мәдени туризмінің дамуына назар салып отыр. Соған орай дипломдық жұмыстың мақсатына орай Қазақстанның орталық аймағындағы туризм әлеуетінің жағдайын зерттеп, даму болашағын қарастырдық. Ұлытау аймағы мысалында жүргізілген жұмыс алдағы уақытта аймақтың көркейіп, дамуына оң әсерін береді деген сенімдемін.

Нәтижелерді пайдалану бойынша ұсыныстар:

Штат саны 5 бірлікті құрайтын Ұлытау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы жанындағы «кәсіпкерлік пен сауданы дамыту, АҚ

және ТЖ, туризмді дамыту және сыртқы экономикалық байланыстар бөлімі» облысының туризм саласын жалпы үйлестіру. бөлім функцияларының әртүрлілігіне сүйене отырып, туризмді дамыту мәселелері бір бас маманға бағытталған. Туризм саласын жақсарту және жеделдетіп дамыту үшін бөлімді бөлу және туризмді дамытудың жаңа бөлімін құру жолымен қайта құру қажет, оның өкілеттіктеріне өңірдің туризмін кластерлік дамытуды дамыту мәселелерін шешуді қосу қажет.

Өңірде туризмді кластерлік дамыту тұжырымдамасын ілгерілету үшін өңірде туристік кластерді дамыту жөніндегі негізгі қағидаттарды, мақсаттарды, бағыттарды және оны іске асыру тетігін қамтитын жеке заңнамалық құжат әзірлеген жөн. Ұсынылып отырған заңнамалық құжат – туризмді кластерлік дамытудың өңірлік бағдарламасы - өңірлік салалық құрылымдар, әлеуетті қатысушылар мен инвесторлар тарапынан кластерлер құруға бірыңғай тәсілді қалыптастыруды көрсетуге және салааралық өзара іс-қимылды үйлестіруді ұйымдастыруға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://stat.gov.kz/>
2. 2009- 2021 Туристер сайты [Электронды қор]. – Кіру тәртібі:<https://www.tourister.ru/world/asia/cambodia/city/simrab/temples/3746>
3. <https://vizit-ulytau.kz/>